

Тіл және әдебиет институты  
Қазақ филологиясы кафедрасы

ҚТӘ-14 тобы студенті  
Тұрғынбек Нұрбибі

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



Оқу орыс тілінде жүретін  
мектептерге арналған

## ОҚУЛЫҚ

# 7

### Алғы сөз

*Құрметті оқушы!*

Таныс та бейтаныс “Қазақ әдебиеті” атты сөз өнері әлеміне қош келдің. Таныс дейтін себебіміз осыған дейін, 5,6-сыныптарда “Қазақ әдебиеті”, 1-сыныптан бастап “Қазақ тілі” сабақтарында қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын оқып келдіңдер. Ал, бейтаныс дейтініміз, 7-сыныпта жаңа дүниелердің, өзге де шығармалардың сырын ұғатын боласыңдар.

7-сыныпта сендер Қазақ әдебиетінің інжу-маржандары — “Қобыланды батыр” жыры туралы, аса құнды шешендік сөз үлгілері жөнінде мағлұмат аласыңдар. Сондай-ақ, қазақтың ғана емес, бүкіл түркі жұртының, тіпті әлемдік сөз өнерінің алтын қорына үлесін қосқан А.Байтұрсынның, М.Жұмабаевтың, С.Сейфуллиннің т.б. өмірі туралы мәліметтер, олардың тамаша көркем де құнды еңбектері сендерге мол тағылым, терең білім береді деп сенеміз.


Туған жеріңнің, өскен ортаның, өзің өмір сүріп жатқан мәртебелі мемлекеттің рухани тамырын танытатын, халқының талантын көрсететін көркем сөз әлемінің өзіне тартар сыйы мол. Ең бастысы, қызыға оқып, талмай іздену қажет.

Таным жолында сәттілік тілейміз.

*Авторлар.*

Адамбаев Ж., Дәулетбекова Ж.,  
Әбішева Н.

Қазақ әдебиеті. Оқу орыс тілінде  
жүретін мектептердің 7-сыныбына  
арналған оқулық. 5-басылым .--  
Алматы: “Білім”, 2007. – 112 бет.



7 сынып

Сабақтың тақырыбы:

Сұлтанмахмұт Торайғыров

# Сабақтың мақсаты:

*Білімділігі:* С.Торайғыровтың өмірі мен шығармалары туралы түсінік беру. Өлеңдері мен шығармаларының мағынасын ашу.

*Тәрбиелік:* оқушыларды оқу-білімге шақыру.

Адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.


*Дамытушылық:* Шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, сөздік қорларын байыту.

*Сабақтың әдісі:* ойландыру, іздендіру, сұрақ- жауап, баяндау

*Көрнекіліктер:* ақын суреті мен ұлағатты сөздер

*Сабақтың түрі:* жаңа сабақ

*Пәнаралық байланыс:* тарих, информатика



Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Амандасу, түгендеу, сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Үйге берілген тапсырма сөздікті жаттау және Абайдың қара сөзін мәнерлеп оқу.

Оқушылардың сөздікті жаттағанын тексеру мақсатында интерактивті тақтаға орыс тіліндегі сөздерді жазу.

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.



## Сөздік

Кәмәлатты- совершенный

Талап қылу-стремление

Қарызды іс- дела долга

Аулақ болмақ –избегает

Қор қылу- унизить

Мақтан-хвастливость

Надандық-невежество

Еріншектік-лень







• Бет

ҚАЗАҚСТАН

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ТЕЛЕФОНЫ

Астана қаласы, 8(7172) 55-31-94 | Алматы қаласы,  
8(727) 261-55-05

08:48

Made With  
VivaVideo



Сұлтанмахмұт Торайғыров  
(1893-1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыров- қазақтың ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны. Ол- ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы.

Жазушы шығармаларының тақырыптары түгелдей өмір шындығы, Сұлтанмахмұт өмір сүрген тұсындағы қазақ халқының тағдыры. Жазушының “Адасқан өмір”, “Кедей” т.б. Поэмалары, “Қамар сұлу”, “Кім жазықты?” романдары бар. Ақын бір өлеңінде:

Жасамаймын “Еңбектің  
Жемісін көзбен көрем” деп,  
Жасаймын: “Бір қолғабыс  
Кейінгіге берем” деп,- дейді.

# Шығамын тірі болсам адам болып

Шығамын тірі болсам адам болып,  
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.  
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

Мен балаң жарық күнде сәуле қуған,  
Алуға күнді барып белді буған.  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толғанайдай балкып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес.  
Тебем деп тірі болсам надандықты,  
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

## V.Сөздік

Көр- могила

Қолғабыс- помощь

Надан-неуч

Толған айдай- как полная луна

Сәуле қуған- стремиться к свету


Серт етіп- дать клятву

Егес-спор



## Тапсырмалар

1. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқыңдар.
2. Ақын неліктен өз атынан ғана сөйлейді, ойларыңды айтыңдар.
3. Өлең мәтіні бойынша өздеріңе ұнаған сөз тіркестерін теріп жазыңдар.



## Жаңа сабақты бекіту

Сұрақтарға жауап беру

1. С. Торайғыров кім?
2. Ақынның қандай шығармалары жарық көрген?
3. Ақын өлеңінің ең басты қорытындысы қай жолдарда берілген?
4. Ақын өзіне қандай серт береді?
5. Берілген мақал-мәтелдерді оқып, дәптерге жазып алу.

# Мақал-мәтелдер

- \*Оқу-білім бұлағы, білім өмір шырағы.
- \*Жаста алған білімің- тасқа қашалған нақыш.
- \*Ер жігітке жетпіс өнер де аз.
- \*Өнерлі өрге жүзеді.
- \*Болар бала- бесіктен
- \*Іздеген жетер мұратқа.
- \*Арманы биіктің алмағы да биік.



## Бағалау:

Оқушылардың жауабына қарай білімдерін бағалау

## Үй тапсырмасы:

С.Торайғыровтың өмірбаянын оқу және “Шығамын тірі болсам адам болып” өлеңін жаттау.

Назарларыңызға рақмет!

